

**Д.Төленов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі бойынша
Қамқоршылық кеңесі отырысының**

№1 Хаттамасы

Махамбет ауылы

14 қараша 2024 жыл

Қатысқандар:

Мектеп директоры: Идркенова Талшын Габитовна

Әлеуметтік педагог: Тулешова Майра Махамбетовна

Мүшелері: Айсина Инжу Кажығалиевна

Отарғалиева Жазира Отарғалиевна

Дүйсембаева Анаргүл Қармысқызы

Аруева Жадыра Рскалиевна

Джалмуханова Орынай Алпысбаевна

Уразалиева Айнагүл Сағыновна

Туменбаева Айзада Темирлановна

Күн тәртібінде:

1. Жаңадан бекітілген қамқоршылық кеңестің мүшелерімен таныстыру, кеңестің жаңа құрамын, төрағасын, хатшысын сайлау.
2. Қамқоршылық кеңестің мақсаты мен міндеттерін айқындау, 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша мектеп директоры Т.Идркенова аудандық білім бөлімінің «Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңес құрамын бекіту туралы» 2024 жылдың 29-қазандағы №272 бұйрығын таныстырып, қамқоршылық кеңестің мақсаттары мен міндеттерін, құзыреттерін, жалпы жұмыс бағыты жайында толық түсіндіріп, жаңа оқу жылында қамқоршылық кеңестің жұмысына сәттілік тіледі.

Сөйлеуші:

Ата-ана Аруева Жадыра: қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау үшін мектеппен үнемі байланыс жасайтын, жауапкершілігі бар, бос уақыты бар ата-ана болуы керек деп есптеймін.

Ата-ана Отарғалиева Жазира: қамқоршылық кеңесінің төрағалығына ата-ана Айсина Инжу бола алады деген сенімдемін. Мектеппен үнемі байланыста, қоғамдық және тәрбиелік іс-шараларда белсенділік танытатын ата-ана.

Ата-ана Дүйсембаева Анаргүл: Отарғалиева Жазира осы уақытқа дейін 3 жыл көлемінде қамқоршылық кеңесінің төрағасы болып, мектеппен

бөлінетін қаржыны балаларға беруде, жазғы мезгілде аз қамтылған отбасы балаларына жолдама бөлуде өзінің қызметін толыққанды атқарды.

Айсина Инжу белсенді ата-ана, үлгілі отбасы, балалары өнерлі. Оның бала мүддесіне қарай жүйелі жұмыс атқара алатындығына толыққанды сенім білдіремін.

Күн тәртібіндегі 2-ші мәселе бойынша кеңес мүшелері 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекітті.

Қатысушылар мектеп оқушыларына жан-жақты қолдау көрсету, ата-аналармен және мектеп ұжымымен тығыз байланыс орнату, оқу процесіне көмек көрсету және оқу ортасын жақсарту бағыттары бойынша жұмыстар жүргізудің маңыздылығын атап өтті.

Талқылау барысында келесі бағыттарда жұмыс жасау туралы шешім қабылданды:

- Мектепке материалдық көмек көрсету жолдарын қарастыру;
- Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балаларына қолдау көрсету;
- Мектепте түрлі іс-шараларды ұйымдастыруға атсалысу (мәдени, спорттық, тәрбиелік іс-шаралар);

Шешім:

1. Айсина Инжу Кажығалиевна Д.Төленов атындағы жалпы орта мектептің қамқоршылық кеңесінің төрағасы болып, Тулешова Майра Махамбетовна кеңестің хатшысы болып сайлансын.
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсін.

Отырыс төрағасы



Т.Идркенова

Отырыс хатшысы

М.Тулешова